ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2023 жылғы 26 желтоқсан №7119-23-00-2/14506 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

"Астана қаласы әкімдігінің "Астана су арнасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – ШЖҚМКК)

ЖАУАПКЕР:

"Аршин" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі- ЖШС)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) 2023 жылғы 7 ақпанында №6/223 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың №1 қосымшаға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 4 239 200 теңгеге өнім беруші өтінімді алған сәттен бастап, тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, яғни 2023 жылғы 26 қазанына дейін 2 қызмет мөлшерінде өлшеу құралдарын тексеру жөніндегі қызметтер көрсетуге міндеттенген.

Шарттың 8.1-тармақшасына сәйкес шарт тараптармен қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2023 жылдың 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Талап қоюшы 2023 жылғы 24 қарашада талап қоюымен сотқа жүгінген.

Жауапкермен келісім шарт жасалған күннен бастап, өзіне жүктелген міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты, келісім шарт 2023 жылдың 01 желтоқсанында бұзылды.

Талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) 2023 жылғы 22 ақпанында №6/417 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы келесім шарт (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың №1 қосымшаға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 2 622 54 теңгеге тапсырыс берушінің өтінімі бойынша , яғни 2023 жылғы 26 қазанына дейін 2 қызмет мөлшерінде өлшеу құралдарын тексеру жөніндегі қызметтер көрсетуге міндеттенген.

Жауапкермен келісім шарт жасалған күннен бастап, өзіне жүктелген міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты, келісім шарт 2023 жылдың 01 желтоқсанында бұзылды.

Талап қоюшы жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

2023 жылғы 01 желтоқсанда талап қою жеңілдетілген іс жүргізу тәртібімен сот өндірісіне қабылданып, жауапкерге талап қоюға пікір келітіру үшін 2023 жылғы 25 желтоқсанына дейін мерзім берілген.

Жауапкер сот кабинетінен (push-хабарлама, гибриді, гибридті хат) талап қою мен ұйғарымды push-хабарламалар арқылы алғанына қарамастан сотқа жазбаша пікір ұсынған жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 267-3 бабының 5-бөлігіне сәйкес, пікірді, дәлелдемелерді және өзге де құжаттарды ұсыну үшін сот белгілеген мерзімдер өткеннен кейін сот тараптарды шақырмастан, істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электрондық форматта қарайды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 5 тармағына сәйкес, осы баптың <u>4-тармағы</u> бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік Қаулысының 8-тармағына сәйкес /әрі қарай - НҚ/ - мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің <u>359-бабына</u> сәйкес азаматтық-құқықтық

Құжатқа қол қойылған: Нурланов Б. К., 23.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.02.2024, Сулы Нурланов Б. К., 20.02.2024

7119-23-3-1/14309

жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

НҚ-ның 3 тармағына сай, әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат беру фактісін анықтаған органдар, тапсырыс беруші Заңның 12-бабының 4-тармағында көзделген жағдайда, әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен Заңда белгіленген мерзімдерде сотқа жүгінуге міндетті.

Бұл мерзімдер түпкілікті болып табылады, осы мерзімдердің өтуі әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызды қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Істі қарау барысында өнім берушінің шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін бұзуы талап қоюға негіз болғаны анықталды.

Іс бойынша объективті деректер осы себепті шартты тапсырыс берушінің біржақты тәртіппен бұзғанын көрсетеді.

ҚР АК 386 бабының 3 тармағына сай, егер заңдарда немесе шартта шарттың қолданылу мерзімі көзделсе, осы мерзімнің аяқталуы, шарт бойынша тараптар міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеліп соқтырады.

ҚР АК 359 бабының 2 тармағына сай, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Сот тапсырыс берушінің шарт жасасу кезіндегі күткенін алмағанын, сондықтан ол үшін жағымсыз салдарлардың орын алғанын ескереді.

Жоғарыда айтылғандар, өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға мүмкіндік беретін, бір мезгілде екі

Құжатқа қол қойылған: Нурланов Б. К., 23.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.02.2024, сулы Нурланов Б. К., 20.02.2024

7119-23-3-1/14309

фактор – өнім берушінің кінәсі және тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарлардың туындауынан көрінетін белгілердің заңда көзделген жиынтығы бар дегенді білдіреді.

Іс құжаттарынан анықталғандай, жауапкер шарттардың талап қоюшымен біржақты бұзылуына шағым түсірмеген.

Талап қоюшы жауапкер көрсеткен сертификаттардың жалған екенін айтып қабылдамаған.

Өңірде спидометрді калибрлеу саласында сертификаттар жоқ және жеткізушіден Алматы қаласындағы «НацЭкс» АҚ АФ-на берілген қызметтің бұл түрін көрсетпейтін сертификаттар күмән тудырады, сертификаттардың шығу тегі белгісіз.

Жеткізуші кәсіпорынға газ анализаторларын тексеру саласындағы сертификаттарды, тексеруаралық интервал бір жылды құрайды, бірақ іс жүзінде алты айға созылады, одан басқа, жеткізуші аккредиттелген компаниялардың тізімінде жоқ.

Сондай-ақ жеткізушінің аккредитациясы жоқ. үшінші тараптар арқылы жұмыс істеді.

Іс құжаттарынан анықталғандай, жауапкер талап қоюшыға қызметтерді тиісінше көрсетпегенін, яғни шарттар бойынша міндеттемелерін орындамаған, оған байланысты, сот, жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп есептейді.

ҚР АПК 117 бабының 3 тармағына сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

Осы ережелерге сай, жауапкерлерден 1 725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіруге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Астана қаласы әкімдігінің "Астана су арнасы" ШЖҚМКК жауапкер "Аршин" ЖШС қатысты мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

"Аршин" ЖШС БСН 200340005210 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Нурланов Б. К., 23.02.2024

Заңды күшіне енген күні 06.03.2024 Сулы Нурланов Б. К., 20.04.2024

"Аршин" ЖШС БСН 200340005210 мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Құжатқа қол қойылған: Нурланов Б. К., 23.02.2024

Заңды күшіне енгені туралы: 06.03.2024 Судья Нурланов Б. К., 20.04.2024